

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



КЕЛІСІЛДІ:

«Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі»

ММ

Басшысы: Е.Ж. Маметеков Маметеков Е.Ж.

« 03 » 02 20 20 ж.



БЕКІТІЛДІ

Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ғылыми
кеңес шешімі

« 05 » 02 20 20 ж.

№ 7 хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы

Қуанышбаев С.Б.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6B01505– «Биология» / «Biology»

Қабылдау жылы / Год приема: 2020

Арқалық, 2020 ж.

Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті

Химия, биология және география кафедрасы

«6B01505 Биология» білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Коразбекова Карлыгаш Усипханқызы - химия, биология және география кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Ермекбаева Акбопе Тонтаевна - химия, биология және география кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ


Сарапшылар:

Тасқожин Қайрат - Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі
Нуртазина Халия Сейфуловна - Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі

Кафедра мәжілісінде ұсынылды

Хаттама № 5 « 05 » 12 20 19 ж.

Кафедра меңгерушісі




Коразбекова К.У.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама № 5 « 11 » 12 20 19 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы



Үмбетов Ә. Ү.

Институттың оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды

Хаттама № 3 « 19 » 12 20 19 ж.

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы



Темірбеков Н. М.

1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы: бакалавриат, ҰБШ/СБШ 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: Бакалавр

Неснелердің жалпы көлемі: 240 академиялық несие /240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

1.1 Жалпы ережелер

Жоғары білімнің 6B01505-Биология білім беру бағдарламасы ББ типтік оқу жоспары, жоғарғы білім мамандықтарының жіктеуіші (бакалавриат), педагогтың кәсіби стандарты, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторына сәйкес құрастырылған.

Білім беру бағдарламасына оқуға қабылдау талаптары Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерімен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсуші талапкер Ұлттық біріңғай тест (ҰБТ) тапсырады.

Білім алуын жалғастыру мүмкіндігі - 7M015-«Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» бағытындағы магистратура.

Берілетін дәреже - 6B01505 ББ бойынша «Биология» білім бакалавры.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты:

6B01505-Биология бакалаврларын дайындау бойынша білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: кәсіби білікті биология мұғалімдерін даярлау.

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеті:

- биологиялық ғылымдар саласы бойынша кәсіби қызметте қажетті іргелі білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру;
- биологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түсінуге құзыретті, кәсіби білікті және жеке жетістіктерге қабілетті мұғалімдерді даярлау;
- инновациялық педагогикалық идеяларды тарататын болашақ биология мұғалімдерін тәрбиелеу.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы

6B01506-Биология ББ бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері

- меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түріне тәуелсіз барлық типтегі орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдіс;
- техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үрдіс.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеу;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

ББ-ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

- (ОН1) Биология және оған байланысты пәндердің теориялық негіздерін анықтайды, және биологиялық ғылымның қазіргі жағдайы мен дамуын бағалайды
- (ОН2) Зертханалық құрал-жабдықтар, қондырғылар, материалдармен жұмыс жасау дағдыларын көрсетеді, және академиялық сауатты эксперименттік және есептік мәліметтерді бағалайды
- (ОН3) Оқыту әдістемесі, тиімді оқыту мен оқу, инклюзивті білім беру қағидаларын, бағалаудың өлшемдік технологияларын тиімді анықтайды және практикалық қолданады
- (ОН4) Оқыту мен оқу процесінде, табиғи процестерді модельдеуде цифрлық технологиялар мен дидактикалық құралдар (оның ішінде АКТ) саласындағы жаңа жетістіктерді интерпретациялайды
- (ОН5) Академиялық және кәсіби мақсаттар үшін білім беру ортасындағы тілдерді қолданады, жазбаша және ауызша тілдік қарым-қатынасты басқарады
- (ОН6) Білім беру және тәрбиелеу үрдісін бағалайды, әлеуметтік, гуманитарлық және тарихи-өлкетану ғылымдардың негізгі құралдарын пайдаланады
- (ОН7) Жаңартылған мазмұнда орта білім берудің нормативтік-құқықтық базасын, білім беру саласындағы ҚР ұлттық саясатының үрдістерін талдайды, оқу-бағдарламалық құжаттарды ажырата алады
- (ОН8) Педагогикалық және психологиялық білім мен шеберлік негіздерін қолданады, оқушылардың жас ерекшелігіне сай салауатты, қолайлы және қауіпсіз ортаны қалыптастырады
- (ОН9) Эксперименталды және жобалық іс-шараларды ұйымдастыру және зерттеу, білім алушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыру мен дамыту жолдарын таңдайды

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

Модуль атауы	Несие саны	Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе)	Оқу нәтижелері
Қоғамдық пәндер модулі	40	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	
		Философия	
		Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	
		Орта білім беру саласындағы нормативті-құқықтық актілер мен іс-қағаздар жүргізу	ОН7
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
		Өлкетану	ОН6
		Дене шынықтыру	
Тілдік коммуникация модулі	33	Орыс тілі	
		Шет тілі	
		Кәсіби орыс тілі	ОН5
		Мамандандырылған ағылшын тілі	ОН5
		Ағылшын тілі	ОН5
		Тілдік тәжірибе	ОН5
Педагогтың кәсіби даярлығы модулі	28	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	ОН8
		Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері	ОН7, ОН8
		Педагогика	ОН8
		Педагогикалық психология	ОН8
		Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН6
		Оқу-танысу тәжірибесі	ОН7, ОН8
		Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН6, ОН7, ОН8
Фундаменталды даярлық модулі	38	Өсімдіктер биологиясы	ОН1, ОН2
		Жануарлар биологиясы	ОН1, ОН2
		Биологиялық экология және көптүрлілік	ОН1, ОН2, ОН9
		Биосфера және биоалуантүрлілік	ОН1, ОН2, ОН9
		Биохимия	ОН1, ОН2
		Тіршіліктің химиялық негіздері	ОН1, ОН2
		Адам анатомиясы және физиологиясы негіздері	ОН1, ОН2
		Тірі ағзалар биологиясы	ОН1, ОН2
		Оқу тәжірибесі (Ботаника, зоология, биоэкология)	ОН2, ОН9
		Даму және көбею биологиясын оқыту әдістемесі	ОН1, ОН3, ОН4
Биологияны оқытудағы дербес әдістемелер және зерттеушілік дағдыны дамыту модулі	18	Жеке даму биологиясын оқыту әдістемесі	ОН1, ОН3, ОН7
		Биологиялық процестерді оқыту әдістемесі	ОН1, ОН3, ОН7
		Физиологиялық процестерді оқыту әдістемесі	ОН1, ОН3, ОН4
		Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі	ОН1, ОН2, ОН9
		Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі	ОН2, ОН9
Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі	42	Инклюзивті білім беру	ОН3
		Биологияны оқыту әдістемесі	ОН3, ОН7

		Инклюзивті ортада биологияны оқыту әдістемесі	ОН3, ОН4, ОН7
		Білім берудегі жаңа технологиялар	ОН3, ОН4
		Педагогикалық шеберлік негіздері	ОН3, ОН8
		Педагогикалық тәжірибе	ОН3,ОН7, ОН8
		Өндірістік тәжірибе	ОН3,ОН7, ОН8
Қолданбалы биология негіздері модулі	33	Молекулалық биология	ОН1, ОН2
		Биомолекулалық механизмдер	ОН1, ОН2
		Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздері	ОН1, ОН2
		Генетика және селекция негіздері	ОН1, ОН2
		Эволюциялық даму және селекция негіздері	ОН1, ОН2, ОН9
		Эволюциялық ілім	ОН1, ОН2
		Микробиология және биотехнология	ОН1, ОН2
		Биогеография	ОН1, ОН2
		Әлем флорасы және фаунасы	ОН1, ОН2, ОН9
		Биофизика және биоинформатика	ОН1, ОН 2, ОН4
		Биомеханика және компьютерлік биология	ОН1, ОН 2, ОН4
Қорытынды аттестаттау модулі	12	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН1-ОН9

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы
«6B01505-Биология»**

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Орта білім беру саласындағы нормативті-құқықтық актілер мен іс-қағаздар жүргізу	Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету. Жалпы білім беретін мектептердегі құжаттардың жүргізілуі. Қатаң есептік құжаттар нысаны. Қорытынды аттестациялау. Білім алушыларды тіркеу. Мемлекеттік қызмет. Стандарттар, бағдарламалар. Педагогикалық этика ережесі. Ата-аналар мен заңды өкілдердің құқығы мен міндеттері. Кабинеттер бойынша нұсқаулық. Критериалды бағалау. Электронды журнал нысаны.	5	4	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі, Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Биологияны оқыту әдістемесі, Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Өлкетану	Өлкетану бағыттары. Археологиялық деректер және оларды өлкетану жұмысында пайдалану. Өлкетану зерттеулеріндегі этнографиялық деректер. Тарихи-өлкетану мұражайларының тарихы. Торғай өңірінің физикалық-географиялық орналасуы. Торғай өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары. Ыбрайтану. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы.	4	4	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Биологияны оқыту әдістемесі
2	Кәсіби орыс тілі	Кәсіби тілдің мәні. Биологтың кәсіби қызметі және қарым-қатынасы. Биология ғылымын орыс тілі арқылы зерттеуде қолданылатын әдістеме. Сауатты академиялық жазылым. Биологиялық лексика. Ғылыми сөйлеу - маманның кәсіби мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде. Аннотация және тезис. Рецензия және пікір. «Жабық тұқымды өсімдіктер», «Омыртқалылар» тақырыптарындағы терминологиялық минимум. Ресми құжаттардың түрлері.	3	3	Қазақ (орыс) тілі	Психологиялық педагогикалық тәжірибе, Педагогикалық тәжірибе
3	Тілдік тәжірибе 1	Мультимедиялық кабинеттерінде кәсіби тақырыптар бойынша грамматика, тыңдау және ауызекі сөйлеуде практикалық жұмыс. Шетел тілінен орыс және қазақ тілдеріне, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінен шетел тіліне ақпараттық және кәсіби негізделген материалдарды жазбаша аудару. Мамандық бойынша шетел	1	2	Шет тілі	Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе

		тілінде сабақтар өткізуге материалдар дайындау.				
4	Тілдік тәжірибе 2	Мамандық бойынша кәсіби шетел тілін білу дәрежесін анықтау. Мамандандырылған тақырыптар бойынша сөздік қорын толықтыру және жалпы ой-өрісін кеңейту. Ағылшын тіліндегі ресми құжаттармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту (іс қағаздар жүргізу және құжаттама).	2	4	Шет тілі, Мамандандырылған шет тілі	Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
5	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық мамандық және оның қоғамдағы тағайындалуы. Педагог мамандығының беделі. Педагог мамандығының ерекшеліктері, педагогикалық қызметтің ерекшелігінің сипаттамасы. Педагог қызметінің нормативті-құқықтық және заңнамалық негізі. Мұғалім педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Педагогты шығармашылық кәсіби даярлаудың тәсілі ретінде өздігінен білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу.	3	1	Мектеп бағдарламасы	Педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Оқу-танысу тәжірибесі
6	Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері	Оқушылардың өсуі мен дамуының жасқа байланысты физиологиялық ерекшеліктері. Оқу үдерісіне және оқу орындарының жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастырудың негіздері. Тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер. Төтенше жағдайлардағы іс-шараларды ұйымдастырудың қағидалары мен әдістері. Адам және қоршаған ортаның әрекеттесуі. Білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістері мен қағидалары.	3	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Психологиялық-педагогикалық тәжірибе, Биологияны оқыту әдістемесі
7	Педагогика	Педагог тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі. Педагогика-адам туралы ғылым жүйесінде. Тұтас педагогикалық процестің мәні мен құрылымы.Тәрбие мақсаты, оның әлеуметтік шарттылығы. Тәрбие құралдары мен формалары.Тәрбие әдістері.Отбасылық тәрбие негіздері.Сабақ-оқытудың негізгі түрі ретінде. Оқыту әдістері. Тұтас педагогикалық үдерісте оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру.Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі оқыту технологиялары.	5	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогикалық тәжірибе
8	Педагогикалық психология	Білім-әлеуметтік мәдени феномен ретінде. Педагог тұлғасы, оған қойылатын заманауи талаптар және оның негізгі қасиеттері. Педагогикалық қарым-қатынас. Психологтың педагогтармен жұмыс үлгілері.Педагогикалық ұжымның психологиясы. Оқытуды дараландыру және саралау. Оқу қызметінің жалпы сипаттамасы. Сабақтың психологиялық талдауы. Тәрбие іс-	4	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Психологиялық-педагогикалық тәжірибе

		шараларының психологиялық талдауы.				
9	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Тәрбие үдерісі: мәні, әлеуметтік кеңістік. Тәрбие жүйесі: түсінігі және құрылымы. Тәрбие жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері мен әдістемесі, оны бағалау критерийлері. Тәрбие жүйелері және олардың сипаттамасы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяның құндылықтарын ескеріп тәрбиелеу. Сынып жетекшісінің қызмет жүйесі. Мектепте және сыныпта ТЖ жобалау қызметі және жоспарлау.	5	5	Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Педагогикалық психология	Педагогикалық шеберлік негіздері, Педагогикалық тәжірибе
10	Оқу-танысу тәжірибесі	Мектеп жұмысының құрылымы мен негізгі принциптерімен танысу. Пән мұғалімінің қызметімен танысу (нормативтік-құқықтық базамен, соның ішінде орта білімнің жаңартылған мазмұны, күнтізбелік және сабақ бойынша жоспарлаумен, "Күнделік" электрондық журналымен, критериалды, формативті және жиынтық бағалаумен, білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқу және әдістемелік әдебиеттермен және т.б.).	2	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Психологиялық педагогикалық тәжірибе, Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
11	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Білім алушылар ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасымен практикалық танысу, сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жасай білуді қалыптастыру. Сынып пен жекелеген оқушыларды психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргізу. Заманауи АКТ, смарт және стем-технологияларды, білім беру мекемесінде оқыту стратегиясын қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қолдану; білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістері.	2	4	Оқу-танысу тәжірибесі, Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Инклюзивті білім беру
12	Өсімдіктер биологиясы I	Тірі организмдердің патшалықтары. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің морфологиялық эволюциясының негізгі бағыттары. Өсімдіктердің жасушалық биологиясы. Өсімдік ұлпалары. Вегетативті және генеративті мүшелер. Өсімдіктің негізгі вегетативті мүшелері: өркен және тамыр. Сабақ. Жапырақ. Тамырмен қоректену. Гүл. Гүлшоғыры. Жемістер. Тұқымдар. Өсімдіктің өсуі және дамуы. Жыныссыз және жынысты көбею. Микроскоппен жұмыс. Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясын зерттеу.	5	1	Мектеп бағдарламасы	Биологиялық экология және көптүрлілік, Адам анатомиясы және физиология негіздері, Оқу тәжірибесі
13	Өсімдіктер биологиясы II	Систематиканың анықтамасы мен міндеттері. Систематиканың негізгі бөлімдері: классификация, номенклатура және филогенетика. Таксономиялық категориялар, таксондар, қосарлы номенклатура. Ядроға дейінгілер патшалығы (прокариоттар).	2	2	Мектеп бағдарламасы	Биологиялық экология және көптүрлілік, Адам анатомиясы және физиология негіздері,

		Бытыранылар патшалығы. Эукариоттар патшалығы. Санырауқұлақтар патшалығы. Өсімдіктер патшалығы. Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктер. Споралы өсімдіктер. Ашық тұқымдылар бөлімі. Дара және қосжарнақтылар кластары. Өсімдіктер экологиясы. Геоботаника негіздері. Өсімдіктердің морфо-анатомиялық сипаттамаларын талдау.				Оқу тәжірибесі
14	Жануарлар биологиясы	Жануарлар дүниесі. Жануарлардың жасушалық биологиясы. Қарапайымдылар патшалығы: сипаттамасы, көбею және жіктелуі. Көп жасушалылар патшалығы. Нағыз көп жасушалылар. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлар. Хордалылар типінің жалпы сипаттамасы және жіктелуі. Балықтар класы. Қосмекенділер класы. Жорғалаушылар. Құстар. Сүтқоректілер. Жануарлар экологиясы. Жануарлардың морфо-анатомиялық сипаттамаларын талдау.	8	3	Мектеп бағдарламасы	Биосфера және биоалуантүрлілік, Адам анатомиясы және физиология негіздері, Оқу тәжірибесі
15	Оқу тәжірибесі I (Ботаника)	Өсімдіктерді гербаризациялау. Гербарийге өсімдіктерді жинау: өсімдіктерді анықтау және морфологиялық сипаттама жасау. Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктердің вегетативті және генеративті мүшелерінің құрылымдық ерекшеліктерін талдау. Өсімдіктер биотоптарын зерттеу (ашық биотоптар (шалғындар), дала, тоғандар, батпақтар, саябақтар, орман, жағалаулар). Жергілікті ағашты, бұталы және шөп текті өсімдіктер. Өсімдіктердің жасқа байланысты өзгерістері.	2	2	Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы, Биологиялық экология және көптүрлілік	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
16	Оқу тәжірибесі II (Зоология, биоэкология)	Далалық материалдарды жинау, талдау және камеральды өңдеу. Далада жануарларды зерттеу. Шабындық, дала, орман, саябақ, тоғандар, жағалау жануарларының алуан түрлілігі. Агроценоз жануарлары. Елді мекендерде кездесетін жануарлар. Биоэкологиялық зерттеулер: тірі организмдердің экологиялық топтары, тірі организмдердің морфологиялық құрылымының қоршаған орта жағдайларына тәуелділігі. Абиотикалық факторлар мен экожүйенің биотикалық компонентінің байланысы. Биологиялық әртүрлілікті бағалау.	2	4	Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы, Биологиялық экология және көптүрлілік	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Мамандандырылған шетел тілі I	Ағылшын тілін оқыту әдістемесі, оның басқағылымдармен байланысы. Ағылшын тілін оқытудың лингвистикалық негіздері. Ағылшын тілін оқытудағы әлеуметтік-мәдени және мәдениаралық тәсілдер. Мамандық бойынша ағылшын тіліндегі сабаққұрылымы	3	3	Шет тілі	Тілдік тәжірибе, Өндірістік тәжірибе

		және оны ұйымдастыру. Ағылшынтілі мен мамандықтардың пәнаралық интеграциясы. Мамандық бойынша оқытушының тілдік құзіреттілігі.				
	Ағылшын тілі 1	Пәндік-тілдік материалды игерудің негіздері (CLIL).Ағылшын тіліндегі негізгі категориялық-концептуалды аппарат. Кәсіби шетелтілің терминологиясы. Кәсіби бағытталған материалдар және оны кәсіби жағдайларда қолдану. Мамандық бойынша ағылшын тіліндегі пәндік сала мазмұнын сипаттау. Кәсіби бағытталған шетелтілінің пәндермен байланысы. Трансформация және дефференция.			Шет тілі	Тілдік тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
2	Мамандандырылған шетел тілі 2	Ағылшын тілі бойынша кәсіби мамандануға кіріспе. Кәсіби ағылшын тілі тәртіптік құбылыс ретінде. Кәсіби маңызды ақпаратты білдіруге арналған құралдар мен стратегиялар. Материалдар және оларды осы кәсіби жағдайларда ағылшын тілінде қолдану. Кәсіби ағылшын тілін жаратылыстану саласындағы мәтіндерде және кәсіби жағдайларда жүзеге асыру.	4	4	Шет тілі	Тілдік тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
	Ағылшын тілі 2	Ағылшын тіліндегі мәдениетаралық коммуникация. Мамандық бойынша әдебиеттерді оқуға қажетті тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлеудің ғылыми стилі. Кәсіби мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері. Кәсіби бағытталған контексттің лексикалық минимумы. Сөздік қорын толықтырудың әдістері мен құралдары			Шет тілі	Тілдік тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
3	Биологиялық экология және көптүрлілік	Биоэкология негіздері. Тірі ағза және тіршілік ортасы. Қауымдастық экологиясы. Биоалуантүрлілік және эволюция. Биоалуантүрлілік құрылымы. Макромасштабта биоәртүрліліктің таралуы. Биоалуантүрліліктің маңызы және антропогендік факторлар. Климаттық өзгеру және биоалуантүрлілік. Биоалуантүрлілікті талдау және өлшеу. Биоалуантүрлілікті өлшеудің балама және статистикалық жолдары. Табиғатты қорғау және табиғатты пайдаланудың экологиялық принциптері. Экожүйенің ластануы. Абиотикалық факторлардың тірі ағзаларға әсері.	3	3	Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Оқу тәжірибесі, Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі
	Биосфера және биоалуантүрлілік	Биосфера туралы ілім. Тірі ағзалар экологиясы. Қоғамның және қоршаған ортаның өзара байланыс заңдылықтары. Ортаның тұрмыстық және өндірістік қалдықтарымен ластануы. Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. ҚР Қызыл кітабы. Табиғатты тиімді			Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Оқу тәжірибесі, Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту

		пайдалану. Биологиялық алуантүрлілік және оны сақтау. Дүниежүзілік тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Тірі ағзалардың патшалықтары.				әдістемесі
4	Биохимия	Тірі ағзалардың химиялық құрамы. Ақуыздардың химиясы. Витаминдер. Ферменттер. Гормондар. Тірі организмдегі көмірсулар. Көмірсулардың ұлпалардағы биологиялық тотығуы. Липидтер химиясы. Липидтердің алмасуы. Нуклеин қышқылдары. Ақуыздардың алмасуы. Тірі организмдегі минералды заттар. Қанның химиясы және биохимиясы. Биохимияны оқыту әдістемесі. Биохимиядан зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі.	6	4	Мектеп бағдарламасы	Молекулалық биология, Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздері
	Тіршіліктің химиялық негіздері	Тірі ағзалардың химиялық құрамы. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Химиялық элементтердің жіктелуі. Тірі ағзалардағы минералды заттар. Органикалық химия. Органикалық реакциялар, органикалық қосылыстардың жіктелуі. Ақуыз химиясы. Витаминдер. Ферменттер. Гормондар. Тірі ағзалардағы көмірсулар. Липидтер. Нуклеин қышқылдары. Қан биохимиясы. Зат алмасу. Тірі организмдердегі органикалық заттарды анықтау.			Мектеп бағдарламасы	Биомолекулалық механизмдер, Генетика және селекция негіздері
5	Адам анатомиясы және физиология негіздері	Анатомияның биологиялық ғылымдар жүйесіндегі орны. Адам құрылымының морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері: мүшелер және мүшелер жүйелерінің құрылымы мен функционалдық сипаттамалары. Физиология пәні, оның әдістері. Жасуша физиологиясы. Нерв жүйесі, сенсорлық жүйе, эндокриндік жүйе, қан айналу, тыныс алу физиологиясы. Өсімдіктер физиологиясы. Фотосинтез. Тірі организмдердің морфо-анатомиялық және физиологиялық сипаттамаларын зерттеу және талдау.	10	5	Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Биологиялық процестерді оқыту әдістемесі, Эволюциялық даму және селекция негіздері
	Тірі ағзалар биологиясы	Жасушаның морфо-анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктері. Адам және жануарлар құрылымының морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері. Эволюциялық теорияның тарихы. Органикалық эволюция. Қазіргі органикалық әлемнің биоалуантүрлілігі. Түр және оның өлшемдері. Биологиялық прогресс және регресс. Эволюцияның негізгі бағыттары. Эволюция мен іріктеудің генетикалық негіздері. Биологиялық жүйелер эволюциясын тәжірибелік зерттеу.			Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Физиологиялық процестерді оқыту әдістемесі, Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі

6	Даму және көбею биологиясын оқыту әдістемесі	Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері: бөліну, өсу, көбею, қартаю биологиясын оқыту әдістемесі. Өсімдіктердің өсуін оқыту әдістемесі. Өсімдіктердің жеке топтарының тіршілік циклін (гаметофит, спорофит) тиімді түсіндіру, оқытудың жолдары. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюіне қарасты тақырыптарды оқытудың әдістері, тапсырмалар құрастыру жолдары. Жануарлардың көбеюі, тура және түрленіп даму онтогенез типтерін оқытудың әдістемелік негізі.	5	7	Тірі ағзалар биологиясы, Жануарлар биологиясы, Өсімдіктер биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Жеке даму биологиясын оқыту әдістемесі	Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері: бөліну, өсу, көбею, қартаю биологиясын оқыту әдістемесі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюіне қарасты тақырыптарды оқытудың әдістері, тапсырмалар құрастыру жолдары. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін күнделікті өмірде қолдану. Жануарлардың көбеюі және дамуы. Эмбрионалдық даму кезеңдері. Онтогенездің теориялық негіздерін оқыту әдістемесі.			Адам анатомиясы және физиология негіздері, Жануарлар биологиясы, Өсімдіктер биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
7	Биологиялық процестерді оқыту әдістемесі	Ағзалардағы зат және энергия алмасу процестерін оқытудың теориялық және әдістемелік негізі. Биологиялық процестерді оқыту әдістемесі. Қан айналу және жүрек-қантамыр жүйесінің құрылысы мен қызметін түсіндіру. Зат және энергия алмасу биологиясына қатысты зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру. Тіршілік процестерін оқытуда критериялды бағалау тапсырмаларын дайындау. Биологиялық жабдықпен жұмыс істеу әдістемесі (микроскоп, спирометр, термометр және т.б.).	5	7	Адам анатомиясы және физиологиясы, Өсімдіктер физиологиясы, Жануарлар биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Физиологиялық процестерді оқыту әдістемесі	Ағзалардағы физиологиялық процестерді оқытудың теориялық және әдістемелік негізі. Спиральды жүйеде физиологиялық процестерді салыстыра оқытудың тиімділігі. Асқорыту процесін оқыту әдістері. Құрт, сиыр және адамуың ас қорыту жүйесін салыстырудың тиімділігі. Қан айналымының мәнін зертханалық зерттеу. Жүрек циклының фазалары, электрокардиограмманы практикалық зерттеу. Тыныс алу және бөліп шығару процесін аспаптық зерттеу.			Тіршіліктің химиялық құрамы, Өсімдіктер физиологиясы, Жануарлар биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
8	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі	Биологиялық зерттеу әдістері мен жолдары. Эксперименттің ғылыми дүниетанымды дамытудағы рөлі. Биологиялық тәжірибені жүргізудің тәртібі және негізгі қағидалары. Биологиялық құрылғылармен жұмыс принциптері. Тәжірибелік және есептік нәтижелерді академиялық сауатты көрсету.	8	7	Биологиялық экология және көптүрлілік, Жануарлар биологиясы,	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

		Мәліметтерді графикалық және статистикалық өңдеу. Биологияда математиканы қолдану (биометрия). Биологиялық есептерді шешудің жалпы ұсыныстары. Биологиялық есептерді шешу.			Өсімдіктер биологиясы	
	Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі	Биологиядан ғылыми-зерттеу әдістері. Сандық және сапалық әдістер. Биологиядан оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі. Оқушылардың ғылыми дүниетаным мен жаратылыстану-ғылыми ойлауын қалыптастыру мен дамыту. Оқушыларды зияткерлік және шығармашылық қызметке бағыттау. Оқушылардың шығармашылық идеяларын насихаттау және жүзеге асыру. Биологиядан ғылыми жұмыстар мен жобаларды құру. Ғылыми зерттеулерді жобалау және таныстыру.			Биосфера және биоалуантүрлілік, Жануарлар биологиясы, Өсімдіктер биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
9	Молекулалық биология	Молекулалық биология пәні. Молекулалық биологияның даму тарихы мен зерттеу әдістері. Нуклейн қышқылдары. Репликацияның молекулалық механизмдері. Транскрипция. РНҚ-ның матрицалық синтезі. Нәруыз биосинтезі. Генетикалық ақпараттың трансляциясы. Рибосомалардың құрлымы және трансляция. Геннің құрлысы. Генетикалық код. Молекулалық биологияны оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері.	5	6	Тіршіліктің химиялық негіздері	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі, Өндірістік тәжірибе, Эволюциялық ілім
	Биомолекулалық механизмдер	Биомолекулалық механизмдер. Генетикалық ақпараттың тасымалдану заңдылықтары. Нуклейн қышқылдары. ДНҚ құрылысы және қызметі. РНҚ құрылысы және қызметі. Репликацияның молекулалық механизмдері. Транскрипция. РНҚ-ның матрицалық синтезі. Нәруыз биосинтезі. Генетикалық ақпараттың трансляциясы. Рибосомалардың құрлымы және трансляция. Генетикалық код. Биомолекулалық механизмдерді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері.			Биохимия	Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі, Өндірістік тәжірибе
10	Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздері	Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздері. Г. Мендель заңдарын және Т. Морганның хромосомдық теориясы. Адам генетикасы. Жыныс генетикасы. Генетикалық талдау. Моногибридті және полигибридті шағылыстыру. Гендер әсерінің типтері. Генетикалық есептер. Өзгергіштік және өзгергіштік түрлері. Өзгергіштік және өзгергіштік типтері. Гендік инженерия. Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздерін оқыту әдістемесі.	5	6	Тіршіліктің химиялық негіздері	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі, Өндірістік тәжірибе, Эволюциялық ілім
	Генетика және селекция негіздері	Генетика пәні, оның міндеттері, негізгі бағыттары. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің заңдылықтары. Генетиканың зерттеу әдістері. Г. Мендель заңдарын және Т. Морганның			Биохимия	Биологиядан практикалық-зерттеушілік

		хромосомдық теориясы. Генетикалық анализ. Эволюция мен селекцияның генетикалық негіздері. Адам генетикасы. Жыныс генетикасы. Молекулалық генетиканың негіздері. Генетикалық инженерия. Генетиканы оқытудың әдістемесі.				дағдыларды дамыту әдістемесі, Өндірістік тәжірибе,
11	Эволюциялық даму және селекция негіздері	Эволюциялық идеялардың даму тарихы. Дарвин дәуіріне дейінгі кезеңде эволюциялық идеялардың қалыптасуы және дамуы. Ж.Б.Ламарктың эволюциялық концепциясы. Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы. Органикалық эволюция. Қазіргі заманғы органикалық дүниенің биоэрауандылығы. Неоламаркизм. Биологиялық прогресс. Биологиялық регресс. Эволюцияның негізгі бағыттары. Антропогенездің негізгі қозғауыш күштері. Эволюциялық даму және селекция негіздерін оқытудың ерекшеліктері және әдістемесі.	5	7	Молекулалық биология, Генетика және селекция негіздері	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Эволюциялық ілім	Эволюциялық ілімнің даму тарихы. Органикалық эволюция. Қазіргі заманғы органикалық дүниенің биоэрауандылығы. Түр және оның критерийлері. Биологиялық прогресс және регресс. Эволюцияның негізгі бағыттары. Антропогенездің негізгі қозғауыш күштері. Биосфера эволюциясы. Ноосфера. Эволюция ілімінің маңызы. Эволюция мен селекцияның генетикалық негіздері. Эволюциялық биологияны оқыту әдістемесі.			Молекулалық биология, Генетика және селекция негіздері	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Инклюзивті білім беру	Заманауи әлемдегі инклюзивті білім беру. Арнайы білімді реформалау. Арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасуы және даму тарихы (әлеуметтік-мәдени контекст. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялау модельдері. Инклюзивті білім беруді басқарудың нормативтік-құқықтық және этикалық негіздері.	5	5	Педагогика, Педагогикалық психология	Педагогикалық тәжірибе, Білім берудегі жаңа технологиялар, Инклюзивті ортада биологияны оқыту әдістемесі
2	Биологияны оқыту әдістемесі	Биологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттері. Биологияның мектеп курсы мазмұнының құрылымдық қағидалары. Оқу бағдарламалары. ҰМЖ. ОМЖ. Биологияны оқытудың қазіргі заманғы әдістері, қағидалары. Блум таксономиясы. Қазіргі кездегі сабақ құрылымы. ҚМЖ. Білім сапасын бағалау жүйесі және бақылау. Блум таксономиясы негізінде ТЖБ және БЖБ тапсырмаларын құрастыру. Сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыс.	5	5	Педагогика, Педагогикалық психология, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Білім берудегі жаңа технологиялар, Педагогикалық шеберлік негіздері, Өндірістік тәжірибе

3	Инклюзивті ортада биологияны оқыту әдістемесі	Инклюзивтік мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрлері. Биология сабақтарындағы барлық оқушылар үшін барабар мақсаттар қою арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру. Әр оқушыны қолдауға және биологиядағы өзінің әлеуетін барынша ашуға әртүрлі тосқауылдарды жою. Инклюзивті білім беру жағдайында биологияны оқыту үдерісіндегі АКТ басқа да жаңа технологиялар.	5	6	Инклюзивті білім беру, Биологияны оқыту әдістемесі	Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе
4	Білім берудегі жаңа технологиялар	Орта білім мазмұнының жанару принциптері. Тиімді оқыту мен оқудың теориялық негіздері. Мұғалім ұстанымы. Табысты оқыту мен құзырлы мұғалім. Диалогты оқыту. Талантты және дарынды балаларды оқыту. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: STEM-technology, Smart-technology, микрооқыту, моделдеу, басқалар.	6	6	Биологияны оқыту әдістемесі, Инклюзивті білім беру	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
5	Педагогикалық шеберлік негіздері	Педагогикалық шеберлік және оның әлеуметтік мәні. Шеберлік – педагогикалық әрекеттің ең жоғары деңгейі. Педагогтарды даярлаудың К. С. Станиславскийдің театралдық жүйесінің қағидалары. Педагогтың сөзі - ақпарат таратумен тәрбиелік әсер етудің құралы ретінде. Педагогикалық өзара әрекеттесу шеберлігі. Жоғары және орта білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үрдісін басқарудағы мұғалімнің шеберлігі.	5	6	Педагогика, Педагогикалық психология, Инклюзивті білім беру	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
6	Педагогикалық тәжірибе	Студенттердің пән бойынша оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; орта білім берудің жаңартылған мазмұнының талаптарына сәйкес білім беру мекемесінде тиісті құжаттарды ресімдей білу. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс. Заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып дидактикалық материалдарды құру.	4	6	Биологияны оқыту әдістемесі, Психологиялық-педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
7	Өндірістік тәжірибе	Орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді қосу. Оқу сабақтарын өз бетінше өткізу және талдау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру. Практикалық қызметте оқитудың заманауи стратегияларын (сыни ойлау, критериялы бағалау, басқалар), инновациялық білім беру технологияларын. Таңдаған біліктілік жұмысының тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді іс жүзінде жүзеге асыру.	12	8	Биологияны оқыту әдістемесі, Психологиялық-педагогикалық тәжірибе, Педагогикалық тәжірибе	-

8	Микробиология және биотехнология	Микробиология және биотехнологияға кіріспе. Микроорганизмдердің құрылымы және жіктелуі. Микроорганизмдердің физиологиясы мен генетикасы. Биотехнологиялық объектерді іріктеу. Биотехнологиялық процестер. Клеткалық инженерия. Дақылдандыру түрлері мен әдістері. Биореакторлар. Микробиологиялық ыдыстар және реактивтер. Тірі объектілерді өсіру. Автоклав, термостатпен және бокс-ламинарда жұмыс. Биотехнологиядан зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру және презентациялау.	5	7	Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік негіздері, Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптендіру пәндер циклі Таңдау бойынша компонент						
1	Биогеография	Ареалогия негіздері. Мәдени өсімдіктерді шығу тегі туралы Н.И.Вавиловтың ілімі. Флоралық аудандастыру. Фауналық аудандар. Құрлық биомдарының типтері. Тундра. Қылқанды және жалпақ жапырақты ормандар. Далалар мен шөлдер. Саванналар және субтропикалық аудандар. Ылғалды тропикалық және экваторлық ормандар. Мұхиттар мен теңіздер биогеографиясы. Аралдар биомдары. Қазақстан биоресурстары.	5	5	Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Эволюциялық ілім, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Әлем флорасы және фаунасы	Тірі ағзалар әлемі мен табиғат. Жердің флорасы мен фаунасы. Эндемиктер, реликтер туралы түсінік. Эндемиялық және реликті жануарлар мен өсімдіктер. Зоогеографиялық және фитогеографиялық аудандастырудың принциптері мен әдістері. Тропикалық аймақтың ерекшеліктері. Бореалды аймақ. Антиборальды аймақ. Континентальды су қоймаларын аудандастыру: жануарлар мен өсімдіктер дүниесі. Құрылықтың фауналық және флоралық бөлінуі.			Өсімдіктер биологиясы, Жануарлар биологиясы	Эволюциялық ілім, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
2	Биофизика және биоинформатика	Биологиялық үдерістердің кинетикасы. Микроорганизмдердің өсу кинетикасын зертханалық зерттеу. Биологиялық жүйелердің термодинамикасы. Қол бұлшық еттерінің максималды күшін және төзімділігін зерттеу, бұлшықет жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігі. Биоинформатика. Математикалық үлгілер. Статистикалық деректерді өңдеу. Компьютерлік геномика. Биологиялық процестерді моделдеу	8	7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Адам анатомиясы және физиология негіздері, Молекулалық биология	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Биомеханика және компьютерлік биология	Адам ағзасындағы биомеханикалық құбылыстар. Клиникалық биомеханиканың маңызы. Спорт биомеханикасының міндеттері мен мазмұны. Еңбек әрекеттері мен жұмыс қалпының			Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Тірі	Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және

		биомеханикасын практикалық зерттеу. Теориялық биомеханика және компьютерлік биомеханика. Биомеханиканың қазіргі жетістіктері. Биологияда компьютерлік бағдарламаларды пайдалану. Құрылымдалған биоинформатика мәнін ашу үшін биологиялық құбылыстарды зерттеу. ДНК деректер базасын құру. Биологиялық процестерді моделдеу.			ағзалар биологиясы, Молекулалық биология	қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
--	--	--	--	--	---	--

4.3 «Биология» білім беру бағдарламасының модульдері бойынша меңгерілетін несиелер көлемінің жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгеретін пәндер саны	Оқылатын пәндердің саны			Кредит саны											Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Дене шынықтыру	Оқу тәжірибесі	Тілдік тәжірибе	Оқу-танысу тәжірибесі	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе	Қорғанылды аттестация	Барлығы кредит саны	Емтихан	Сынақ
1	1	7	5	2		29										29	6	1
	2	7	5	2		26		2	1	2						31	9	1
2	3	7	2	4	1	30										30	6	1
	4	6	2	1	3	24		2	2		2					30	8	1
3	5	5		3	2	30										30	5	
	6	5		3	2	26						4				30	6	
4	7	6		1	5	36										36	6	
	8												12		12	24	2	
Барлығы		43	14	16	13	201	-	4	3	2	2	4	12		12	240	48	4

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды мемлекеттік аттестация** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

Бағалау жүйесінің кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша баға	Анықтамасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74	Жақсы		
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	D	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды

1 ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Цикл программы: Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК/ОРК

Присуждаемая степень: Бакалавр

Общий объем кредитов: 240 академических кредитов / 240 ECTS

Срок обучения 4 года

1.1 Область применения

Образовательная программа 6B01505-Биология высшего образования разработана в соответствии с Типовым учебным планом ОП, классификатором специальностей высшего образования (бакалавриат), профессиональным стандартом педагога, Дублинскими дескрипторами, согласованными с Европейской рамкой квалификаций.

Требования по приему обучающихся на образовательную программу определены Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования РК.

Абитуриенты, поступающие на образовательную программу, сдают Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Возможность дальнейшего продолжения обучения – магистратура по направлению 7M015-«Подготовка учителей по естественнонаучным предметам».

Присуждаемая степень: бакалавр образования по ОП 6B01505-Биология.

1.2 Цели образовательной программы

Основная цель образовательной программы подготовки бакалавров по ОП 6B01505 – Биология: подготовка профессионально квалифицированных учителей биологии.

1.3 Задачи образовательной программы:

- формирование фундаментальных знаний, умений и навыков в области биологических наук, необходимых в профессиональной деятельности;
- подготовка учителей компетентных в понимании целей и задач биологического образования, профессионально квалифицированных и способных к высоким личностным достижениям;
- воспитание будущих учителей биологии, транслирующих инновационные педагогические идеи.

2. ХАРАКТЕРИСТИКА НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ ПО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

2.1 Сфера профессиональной деятельности

Бакалавр образования по ОПБВ01505-Биология осуществляет свою профессиональную деятельность в сфере образования.

2.2 Объекты профессиональной деятельности

Объектами профессиональной деятельности бакалавра образования по ОПБВ01505-Биология являются:

- педагогический процесс в организациях среднего образования всех типов и видов, независимо от форм собственности и ведомственной подчиненности;
